KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY OF INTERNATIONAL RELATIONS AND WORLD LANGUAGES

# Тіл әлемі
# МИР ЯЗЫКОВ

Желтоқсан
№ 10 (200) 2020 ж.
1997 ж. сәуір айынан
бастап шығады

Декабрь 2020 г., № 10 (200) Издается с апреля 1997 г.

С ДНЕМ НЕЗАВИСИМОСТИ

## «Новая парадигма и новое качество развития казахстанского общества в контексте модернизации общественного сознания»




26.11.2020 г. в 10.00 ч. состоялся онлайн-круглый стол на тему: «Новая парадигма и новое качество развития казахстанского общества в контексте модернизации общественного сознания». Здесь приняли участие известные ученые из различных городов и вузов Казахстана, студенты, магистранты, докторанты и профессорско-преподавательский состав университета. Организаторы тематического мероприятия – руководитель Центра «Рухани жанғыру» Сержанов Б.Е. и Шайморданова З.Дж., Карабаева З.М, Чатыбекова К.К, Али Б.К, и Маулен А.Б кафедры Современной истории Казахстана и мировоззренческих дисциплин факультета Международных отношений.





С приветственным словом выступила проректор по научной и инновационной деятельности д.э.н., профессор Успанова М.У. Она остановилась на актуальности темы научной встречи, сердечно пожелала всем плодотворной работы, а также модератором онлайн круглого стола была заведующая кафедрой Современной истории Казахстана и мировоззренческих дисциплин, д.и.н., профессор Шайморданова З.Дж.

На конференции были заслушаны доклады: декана факультета Международных отношений КазУМОиМЯ, к.ф.н., ассоц.профессора В.Х. Хайруллаевой «Білімнің салтанаты мен сананың ашықтығы-ұлт болашағының кепілі»; профессора КазНУ им. Аль-Фараби, А.Ш.Алтаева «Современные методы в процессе преподавания истории»; директора Института геополитических исследований,д.и.н., профессора Избаирова А.К.

«Традиционные мусульманское мировоззрение казахов и духовная модернизация Казахстана на современном этапе»; руководителя центра “Рухани жанғыру” Б.Е.Сержанова «Жаңа Қазақстандық модель»; д.ф.н., профессора З.С. Айдарбекова «Эра независимости и система ценностей в воспитании казахстанской молодежи: новый взгляд на развитие образования»; д.и.н., профессора К.К Чатыбековой «Актуальные проблемы изучения и преподавания истории Казахстана»; к.и.н., доцента КазУМОиМЯ Н.Т. Жанаковой ««Мәдени мұра»- ұлттық бірегей жоба»; к.и.н., доцента КазУМОиМЯБ.Н.Жузтаевой«ҚазіргікезеңдегіҚазақстанның сыртқы саясаты»; к.и.н., доцента КазУМОиМЯ Ғ.А.Шотановой «Междисциплирнарный подход социо-гуманитарных исследованиях: мировой опыт»;студенты КазУМОиМЯ и докторанты КазНУ им. Аль-Фараби.

**Карабаева З.М.,** к.и.н., доцент кафедры СИКиМД
**Маулен А.Б.,** м.с.н., преподаватель кафедры СИКиМД

Ғылым және инновация

# «ҮШТІЛДІЛІК» МӘСЕЛЕСІНІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫН АНЫҚТАУ

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінде шетел тілдері педагогикалық факультеті педагогика және психология кафедрасының профессоры Жалғасова Шолпан Әбілқызының ұйымдастыруымен 02.12.2020 ж., сағ. 9:00 «Үштілділік» тақырыбына шетел тілдері педагогикалық факультетінің 1 курс студенттері (2 поток) арасында пікірталас өткізілді. Пікірталасқа кафедра оқытушылары қатысып, осы тақырып төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

Пікірталас мақсаты: Студенттердің Қазақстан Республикасының тіл саясатына деген көзқарастарын, «Үштілділік» мәселесінің білім беру жүйесіндегі алатын орнын анықтау.



берілген тақырып төңірегінде бірқатар мәселелерге баса назар аударды, «Ана тілінен басқа тілдерді қай сыныптардан бастап енгізген дұрыс?», «Тәуелсіз Қазақстанда орыс тілінің алатын орны ...» және т.б.

Пікірталас барысында педагогика және психология кафедрасының оқытушылары асс.профессор Жансүгірова К.Т. мен аға оқытушы Сарқанбаева Г.Қ. еліміздің қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басты бағыты - үштілділік екенін айта келіп, көп тілді білу, меңгеру жастардың білім кеңістігінде еркін самғауларына жол ашатындығын айтты. Тілді меңгеру, бәсекеге қабілетті болу жолында студенттерге сәттілік тіледі.

Профессор Шолпан Әбілқызы өз сөзінде, «көп тіл білген жақсы, қанша тіл білсеңіз соншалықты мәдениетті боласыз. Ең алдымен таным процесі, білім-ғылымның негізі ана тілінде берілуі тиіс. Мысалы, Ж.Баласағұн: «Әрбір саналы, мәдениетті азаматқа ана тілі мен сол ана тіліндегі әдебиеттердің қадірін білмеу, барып тұрған мәдениетсіздік»,- дейді. Сол сияқты өз тілін, әдебиетін қадірлемеген адамды толық мәдениетті, интеллигентті деп айтуға да болмайды. Шолпан Әбілқызы пікірталастың мәнді де мағыналы өткендігін, студенттердің өз ойларын еркін жеткізгендерін айта келе, студенттерге бүгінгі пікірталасқа қатысып, өз ой-пікірлерін бөліскендеріне ризашылық білдірді.




Пікірталас онлайн (Role-play) әдісімен «Microsoft Teams» бағдарламасында өтті. Жүргізген 109 топ студенті Талғатов Ерасыл. Жоғарыда айтқанымыздай, пікірталас рөлдік ойын (Role-play) түрінде жүргізілді. Яғни, пікірталастың өту орны Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Министр рөлінде (Талғатов Е.-109 топ студенті). Министрдің орынбасары рөлінде (Өмірбек Мәртай – 110 топ студенті) және өзге студенттер әріптестерінің рөлінде сөз алады. Пікірталасқа қатысушылар

**Педагогика және психология кафедрасы**

# Международная онлайн конференция




11 декабря 2020 года Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана совместно с Министерством культуры и спорта Республики Казахстан, государственным историко-культурным музей - заповедником «Бозок», научно-исследовательским институтом археологии имени К.А. Акишева провели международную научно-практическую онлайн-конференцию на тему «Объекты историко-культурного наследия как туристские дестинации: проблемы и перспективы продвижения».

В онлайн конференции приняли участие представители Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, известные ученые, археологи, географы, историки, этнологи, представители общественности, преподаватели и студенты нашего университета. В конференции были представлены 10 докладов.необходимо отметить, что благодаря высокому профессионализму и личной заинтересованности каждого участника, конференция прошла на высоком уровне. Доклады, представленные участниками, сопровождались мультимедиа. Участниками были внесены предложения и рекомендации, обозначены новые подходы для решения определенных проблем и намечены перспективы на будущее в области туризма.

Данная конференция представляет огромный интерес выпускникам и студентам ВУЗов по специальности туризм.

Выражаем искреннюю благодарность за содержательность докладов Бурбаевой Сауле Букихановне – директору Государственного историко-культурного музея-заповедника «Бозок» (Нур-Султан, Казахстан), Хабдулинойа Марал Калымжановне – к.и.н., начальнику Есильской АЭ, директору НИИ археологии им К.А. Акишева, доценту кафедры «археологии и этнологии» исторического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан),

**Жан-Лука Бонора** – доктоур PhD, профессору Болонского университета (Болонья, Италия)

**Митько Олег Андреевичу** – к.и.н., доценту кафедры «археологии и этнографии» исторического факультета НГУ (Новосибирск, Россия)

**Михал Педрацки** – доктору PhD, профессоур Варшавского университета (Варшава, Польша)

**Ашурову Сафар Хусейн оглы** – доктоур PhD, зав. отделом обучения и международных связей Института археологии и этнографии НАНА (Баку, Азербайджан)

**Гасанову Заур Гасаноглы** – доктоур PhD, зав. отделом археологии античного периода Института археологии и этнографии НАНА (Баку, Азербайджан)

**Оразымбетовой Бахыт Камаловне** – заслуженному экскурсоводу РК, национальному тренеру ЮНЕСКО

**Усубалиевой Салтанат Джумадиловне** – к.г.н., доценту кафедры Менеджмента международного туризма факультета ММК КазУМОиМЯ им. Абылай хана

**Уайсовой Амине Мухамедьяровнве** – ст. преподавателю кафедры менеджмента международного туризма факультета ММК КазУМОиМЯ им. Абылай хана

**Айткожа Арне** – магистранту КазУМОиМЯ им. Абылай хана




Благодарим организаторов конференции за качественную организацию, атмосферу доброжелательной заинтересованности и возможность знакомства и продуктивного общения с интересными людьми!

Надеемся, что каждый из участников получил для себя ответы на интересующие вопросы и почву для размышлений.

*Кафедра Менеджмента Международного Туризма, факультет ММК*

Еске алу

# СОҢЫНДА ӨШПЕС ІЗ ҚАЛҒАН...



Бүгін Қазақ тіл білімі тағы да қара жамылды... Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ұжымы да орны толмас аялы тұлғасынан көз жазып қалды. Бұл қаза университет ұжымы үшін қабырға қайыстырар қаралы хабар болды....

Өзінің барлық саналы ғұмырын қазақтың ғылымын дамытуға, қазақ руханиятын тереңдетуге, тілдің құдіреті мен құпиясын ашуға, ана тілін ардақтауға, оның тамыры терең тарихын зерттеуге арнаған Республикамызға белгілі көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Құрмет» орденінің иегері Рақыш Сәтұлы Әмір дүниеден озды...

Рақыш Сәтұлының университет ұжымы үшін сіңірген еңбегі ерен, қалдырған ізі жарқын еді... Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ұжымы бұл жайсыз хабарды күйзеліспен қабылдап, ғалымның отбасына, туған-туыс бауырларына, тіл білімі саласындағы әріптестеріне қайғырып көңіл білдіреді.

Ғалымның жүзі қандай жарқын болса өмір де, ғылымдағы жүріп өткен жолы ізденіске толы, жарық әрі өнегелі еді...

Қазақ ғылымның үш саласы: тіл білімі; педагогикалық ғылымдар; мектеп, ғылыми мекемелер үшін маман дайындау салаларында ғажайып із қалдырған Рақыш Сәтұлы 1930 жылы 9 қаңтарда Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жетітөбе ауылында туған. 1943 жылы Жамбыл қаласындағы педучилищеге түскен Рақыш Сәтұлы 1946 жылы үздік дипломмен тәмамдайды.

Ауылдың шымыр баласы мүнымен тоқталып қалған жоқ, алға ұмтылды, ғылым биіктерін бағындыруға бар ынтасымен кірісті. Нәтижесі де зор болды.

1954 жылы өзі үздік аяқтаған С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университеті) аспирантурасын тәмамдады. Мектепте қарапайым мұғалімдік қызметін атқара жүріп 1955 жылы «Қазақ тіліндегі жалғаулықтар» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Дарынды адам барлық жағынан талантты, Рақыш Сәтұлы педагогика мен тіл ғылымынан бір сәт те қол үзбей жүріп басшылық қызметтер де атқарды, ғалым да болды, ұстаз да болды. 1973 жылы «Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшелігі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, 1979 жылы 6 сәуірде Жоғары атестаттау комиссиясының шешімімен профессор ғылыми атағын иеленді.

Бұдан кейінде ғалымның ғылымдағы жолы тоқыраған емес, ізденіске, ғажайып идеяларға, тынымсыз еңбекке толы болды. Теория мен практика қатар өрілген өнегелі өмір еді бұл. Айтуға оңай болғанмен, даңғыл жол оңайлықпен салынбайды, ғылымдағы сапар сәтті болу үшін қанша табандылық пен қажыр-қайрат керек десеңші...

Рақыш Сәтұлының 7 монографиясы, мектепке арналған 8 оқулығы, Жоғары оқу орындарына арналған қазақ тілі пәні бойынша 2 оқулығы, 1 оқу құралы, 3 оқу-әдістемелік құралы, 200-ге жуық ғылыми және ғылыми-көпшілік мақаласы жарық көрген. Әр еңбегі қазақ тіл білімі мен педагогикасы үшін аса маңызға ие, құнды еңбектер болды. Қанша болашақ ұрпақ Рақыш Сәтұлы жазған оқулық арқылы білім нәріне сусындады. Осылайша ғалым артына өшпес із қалдырды.

Рақыш Сәтұлы Абылай хан атындағы Қазақ ұлттық университетінде де үлкен абыройға ие тұлға еді. 1979-1987 жылдары Алматы шет тілдері институтында (қазіргі Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті) ректорлық қызмет атқарып, әрі жалпы тіл білімі кафедрасын қоса басқарған мықты басшы ретінде танылған тұлға еді. Бұл жылдары ел экономикасында орын алған қиын жағдайларға қарамастан өзекті деген мәселелерді шешуге, институттың педагог кадрларының квалификациясын көтеруге, материалдық базасын нығайтуға, оқу-методикалық ісін жетілдіру бағытында көптеген жұмыстарды атқарған. Әсіресе, педагог кадрлардың әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуде батыл қадам жасап, шешуші әрекеттерді жүзеге асырған шебер ұйымдастырушы болды. Басшы ретінде атқарған ұйымдастырушылық жұмыстарымен қатар, алғаш рет шетел тілі пәндерін ана тілімен сабақтастырып оқыту жүйесін ендірген білгір ғалым еді.

Университет ұжымы Рақыш Сәтұлының университет үшін жасаған елеулі еңбектерін әрдайым назарда ұстап, өмірінің соңғы сағаттарына дейін университеттің «Құрметті профессоры» ретінде күнделікті тығыз байланыста болды.

«Жақсыдан - шарапат» деген, артынан ерген ұрпаққа берер тәрбиесі мол сәулелі ғұмыр осылайша жарқырап өтті. Әрине, қазақ ғылымы мен қатар университетіміз үшін де орны толмас өкініш..

Бақилық болған асыл ағамызға жатқан жері пейіш, арты кеніш болсын дейміз!

**Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ұжымы**

# *Презентация научных трудов д.ф.н., профессора Булекбаева С.Б. и к.ю.н. Булекбаевой Р.У. в рамках празднования 80-летия КазУМОиМЯ имени Абылай хана*

11 декабря в 14 часов в он-лайн режиме состоялась презентация монографии «Методологические проблемы общественной науки в контексте вызовов современности» и учебного пособия «О соотношении экономики и государства в альтернативных системах», написанные в соавторстве доктором философских наук, профессором С.Б. Булекбаевым и кандидатом юридических наук, доцентом Булекбаевой Р.У. Мероприятие было приурочено к празднованию 80 летия ведущего вуза Казахстана КазУМОиМЯ имени Абылай хана.




С приветственным словом выступила проректор по научной и инновационной деятельности д.э.н., профессор Успанова М.У. Она остановилась на актуальности научной встречи, сердечно поприветствовала её участников, пожелала всем плодотворной работы. Модератором онлайн круглого стола был д.ф.н., профессор Айдарбеков З.С.




С докладом выступили авторы: д.ф.н., профессор Булекбаев С.Б. и к.ю.н., доцент Булекбаева Р.У. В своем выступлении авторы остановились на методологических проблемах общественной науки в контексте вызовов современности. Согласно авторам, необходим поиск и создание новой метапарадигмы науки и новой методологии, для выхода из современного системного кризиса в различных сферах деятельности.

В обсуждении актуальных вопросов глобальной мировой политики и экономики приняли активное участие ведущие ученые Казахстана: Омрали Шакарапулы Жалаири – ректор Евразийской Юридической Академии им. Д.А. Кунаева, д.ю.н профессор, Академик высшей школы РК, Заслуженный деятель Казахстана; Амребаев А. - главный научный сотрудник института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК; Колумбаев Б. – д.филос.н., профессор КарГУ им.Е.А.Букетова; Габитов Турсын Х. - д.ф.н., профессор КазНУ им. аль-Фараби; Мухамеджанов Э.Б.- д.ю.н., профессор КазУМО и МЯ им. Абылай хана; Айдарбеков З.С., доктор филолосских наук, профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Байсултанова К.Ш. – к.полит.н., профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, а также профессора, доктора PhD, докторанты, магистранты и студенты КазУМОиМЯ имени Абылай хана.




С монографией и учебным пособием можно ознакомиться на сайте Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана: https://clck.ru/SMhju

**Организаторы мероприятия:**
**факультет послевузовского образования,**
**кафедра послевузовского образования**

*Рухани жаңғыру*

# Абай арманы – халық арманы




ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы негізінде елімізде «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынып, кең көлемде жүзеге асырылуда. Мұндағы жаңғыру дегеніміз – көнені жаңғыртып, ұлттық құндылығымызды арттыру. Осы тұста рухани жаңғыруды кімнен, қалай бастаймыз? деген сұрақ туындайды. Менің ойымша, бұл келелі мәселені өзінің жарқын талантымен туған халқын бүкіл әлемге танытқан ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлынан бастау керек тәрізді.

Елбасы сол мәнді де мағыналы мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ал сананы жаңғырту XXI ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашады. Осы орайда Абай атамыздың мұрасының тигізер пайдасы көп деп есептеймін. Биыл Абай атамыздың туғанына 175 жыл толып отыр. Соншама уақыт өтсе де ұлы ақын есімі ұмытылмақ емес. Жүректің төрінен мәңгі орын алып, рухты өлеңдері мен қара сөздерін келешек жас ұрпаққа аманат етіп қалдырды.

Халықты жаңғыруға әкелетін ең үлкен фактор – Абайдың өрлі де өнегелі өлеңдері. Алайда кез-келген азамат өлеңнің түбіне терең бойлай алмайды. Өлеңді түсіну үшін жүрек пен ақыл керек. Сонымен қатар асқан еңбекқорлық керек. Абай әрқашан қазақтың білімпаз, азат болғанын қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп білімді игермейінше, биік шыңға көтерілмейтінін айтты. Сонымен қоса, «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», - деп тұжырымдады. Яғни, ел дәулетті болу үшін білімді игеру керектігіне назар аударды. Біздің басты міндетіміз – биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу. Алдыңғы көшке ілігіп, одан әрі алдыңғы қатардан өз орнымызды алу.

Болашақ жастардың қолында. Абай мұрасы – біздің басты тірегіміз. Абай арманы – халық арманы. Сол себептен аманатқа қиянат жасамай, ерен еңбек етіп, жаңғыруға асығайық. Әр қазақтың төрінде домбырасы, ал жүрегінде Абайдың есімі сақталса деймін.

**Аманжол Гүлмира**
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Журналистика мамандығының 1-курс студенті

# Абай – бүкіл адамзат игілігі



Хакім Абай атамыздың ұлылығына ешкімнің шүбәсі жоқ деп ойлаймын. Мұндай дана адамның қазақ жерінде дүниеге келгенінің өзі мен үшін аса үлкен бақыт. Қазір ойлап қарасам, мен Абай атамызбен бала кезден таныс болыппын, анам үй шаруасымен, ал әкем түзде біз үшін жұмыс жасап жүргенде мен әжемнің қасында қалатынмын, сол кезде Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін, бастан кешкен оқиғаларын, оның балалық шағындағы болған қызықты сәттерді тыңдап өстім. Әжем шіркін Абайды жаны сүйетін,оның қара сөздерін жиі айтып отыратын, мен тентек болдым ба, әлде ол кезде Абай атамыздың сөздерінің мәнін түсінбедім бе, әйтеуір, не керек, соншалықты мән бермеппін. Мектепке алғаш барғанда да мұғалім апайымыз Абайдың өлеңін жаттап кел деп тапсырма беретін, қазір сол сәттерді тебіреніп еске аламын. Міне сондықтан да мен Абайды білмейтін қазақ баласы жоқ деп ойлаймын.

Еліміздің президенті Қасым Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтылған мына сөздерімен мен толықтай келісемін: «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз» Иә, расында да Абай атамыздың қазақ тарихында сіңірген еңбегі зор. Сол замандағы әділетсіздік пен келеңсіздікке қарсы шығып, өлеңдер шығарған, адам бойындағы керенаулықты аяусыз сынаған, «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп адамды кісілікке шақырған. Абай осындай ой-тұжырымдарымен ұлт руханиятында «толық адам» ілімін жасап кетті деп ойлаймын.

Абай – бүкіл адамзат игілігі. Оның мәңгілік поэзиясы – даналықтың, махаббат пен адалдықтың поэзиясы. Ол – халқымыздың ұлы классик ақыны, ойшылы, ұлтымыздың рухани мақтанышы. Абай атамыздың артында қалған мол мұрасы, теңдессіз дана ойлары мен тұжырымдары бүкіләлемдік қазынаға қосылған алтын қор екені талассыз.

**Жаухан Ержан**
Абылай хан атынд. ҚазХҚжӘТУ
журналистика мамандығының 1-курс студенті

# ПЕРВОКУРСНИКИ, ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ в КазУМОиМЯ имени АБЫЛАЙ ХАНА!




Пандемия, вызванная распространением COVID-19, внесла свои изменения во все сферы жизнедеятельности, что отразилось не только на организации учебного процесса, но и на эмоциональном состоянии всех его участников.

Поступление в высшее учебное заведение – очень важный шаг в жизни каждого человека. И если обучающиеся старших курсов адаптированы к студенческой жизни, то первокурсники сталкиваются с особыми условиями. С одной стороны, нужно адаптироваться к новым обстоятельствам: среде, правилам, коллективу и ритму жизни, с другой соблюдение социальной дистанции, «lockdown» и дистанционное обучение.

Студенты педагогического факультета иностранных языков Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана всегда отличались дружелюбием, позитивным настроем и толерантностью. И поэтому с целью поддержать «новобранцев» и сделать процесс адаптации более легким студентами 4 курса под руководством кафедры методики иноязычного образования были подготовлены цифровые ресурсы, содержащие советы и полезную информацию об университете, студенческой жизни и учебном процессе.



С большим энтузиазмом и теплом студенты приветствовали новых членов «нашей большой и дружной семьи в уютном общем доме». Поделились советами, как сделать обучение продуктивным, получить незабываемые воспоминания и приобрести друзей на всю жизнь.

Карта желаний, в которой студенты обратились к первокурсникам с советами и пожеланиями представляет собой мотивирующие послания, отражающие студенческий опыт.







Особое внимание заслуживает секция, где студенты делятся своим мнением по профессорско-преподавательского составу. За 4 года в «семье» у каждого своя роль и функция, что замечательно отражено в данном разделе.




Как сказал великий Сократ: «Секрет перемен в том, чтобы сконцентрироваться не на борьбе со старым, а на построении нового».

Коллектив педагогического факультета иностранных языков и студенты выпускного курса желают первокурсникам успешной учебы и приятных эмоций в студенческой жизни!

С цифровыми материалами можете ознакомиться по ссылке: http://hellofreshmen.tilda.ws/

Студенческая жизнь

# Онлайн-лекция «Популяризация благотворительности среди молодежи и детей»




Общественное объединение Центр развития «Арнау» при поддержке Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан реализовала проект «Популяризация благотворительности среди молодежи и детей» по направлению «Поддержка молодежной политики и детских инициатив». Цель данного проекта - стандартизация и систематизация благотворительных процессов в Казахстане, а также повышение культуры благотворительности среди молодежи и детей.

В рамках проекта, 26 октября 2020 года Центром проведена онлайн-лекция для студентов вузов Казахстана, где приняли участие студенты и нашего Университета. В качестве спикеров конфереции были экономист Олжас Худайбергенов, журналист Бибигуль Жексенбай, активист волонтерского движения Данара Саранова, директор корпоративного фонда «Болашак» Азамат Божаков и американский бизнесмен и меценат Дэвид Валера.

Специалист по СО
**Дархан Егенбаев**

# Студенческие традиции в разных странах

Высшее учебное заведение для каждого студента – это не только лекции, семинары и экзамены. Это верные друзья, новые увлечения, интересные творческие проекты. Как известно, студенты – народ забавный и у этого народа есть свои особенные традиции. То из окна кличут «халяву», то в холодильнике катятся с горы. Но все ли студенты мира имеют одинаковые традиции?

Например, среди казахстанских студентов бытует мнение, что если не мыть голову во время сессии, то все зачеты и экзамены сдаешь на «хорошо» и «отлично», российские же студенты придумали ловить халяву в форточку. Нужно в 12 часов ночи перед экзаменом открыть форточку, открыть зачетку и в окно прокричать «халява, приди!», после чего закрыть окно, положить в зачетку сахара, перевязать ее резиночкой и положить в морозилку. Большую часть данной традиции сейчас не придерживаются, в основном осталось только «халява, приди» и все. На мой взгляд про сахар и морозилку — это уже перебор. И ведь это даже работает! А в польских вузах учащиеся бегают вокруг статуи Гомера перед экзаменами и забирают ключи от города у польских мэров.



Специалист по СО
**Дархан Егенбаев**

**Общая редакция** – ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА
**Главный редактор** – проректор по УМР, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА.
**Ответственный редактор** – проректор по СВиВР Т.В. СЕРЕЖКИНА, пресс-секретарь ЕГЕНБАЕВ Д.
**Редакционная коллегия:** – начальник изд-ва Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА, дизайн-верстка КЫНЫРБЕКОВ Б.С.
**Учредитель** – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков» имени Абылай хана
Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан
Подписано в печать: 21.12.2020 г. Заказ № 1060. Тираж 200 экз.
Отпечатано в издательстве «Полилингва» КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. Тел.: 292-44-60